

№1 хаттама
«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасының өндірістік жиналысы.
Қыркүйек, 2022

Қатысушылар: 13
Менгеруші-1
Педагогтар -8
Медбике-1
Тәрбиешінің көмекшісі -3

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның санитарлық-гигиеналық жай-күйі
2. МДҰ ішкі тәртіп ережелері
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық

Тыңдалды:

Медбике Жұбанғарина А: Мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы санитарлық ережелер және нормалар (бұдан әрі санитарлық ережелер) мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарындағы орналастыру жағдайына, жер учаскесіне, ғимаратқа, үй-жайларды жабдықтауға, тамақтандыруды ұйымдастыруға, ауа арқылы жылыту режиміне, табиғи және жасанды жарықтандыруға, су және канализация жүйесімен қамтуға, медициналық қызмет көрсету және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-медициналық қызмет көрсету және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан тұратындығын айтып өтті. Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілері мен көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді. Бөлмелерді желдету, кварцтау кестелерін ілінеді.

Әдіскер Нұрғалиева Н:

Әдіскер ең алдымен ішкі тәртіп мақсат міндетімен таныстырып өтті. Осы ішкі тәртіптің сипаты заңнамалармен, еңбек шарттары туралы ережелермен және оның төлемақысымен, мекеме Қызметкерлеріне әлеуметтік қызмет көрсетумен, Жұмыс берушінің кепілдіктері және жеңілдіктерімен салыстырғанда қосымша басымдылық болып табылады. Ішкі еңбекте сонымен қатар қызметкерлердің құқығы жайлы, жұмыс уақыты, еңбек тәртібі, демалыс уақыттар жайлы айтылды, және бұл ережелердің орындалып жүргендігін айтты. Кіші қызмет көрсетуші персонал жыл бойы тұрақты жұмыс істеді, ішкі еңбек ереже тәртібінің, лауазымдық нұсқаулықтар бұзушылықтары байқалмады.

Менгерушісі З.Б.Кулмағанбетова:

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау балабақшасының барлық тәрбиешілері орындауы үшін міндетті болып саналады.
2. Тәрбиешілердің балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие.

3. Тәрбиешілер барлық күн тәртібі сәттерінде баланың бақылау жасайды
4. Жарақатты профилактикалауға көңіл бөлу.
5. Балабақша бөлмелерімен қозғалу кезінде, балалар бақшасы аумағынан тыс жерде, сондай-ақ техникалық оқыту құралдарын пайдалану кезінде қауыпсіздікті қамтамасыз ету, балаларды балалар бақшасы аумағынан тыс жерге жібермеу.
6. Бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда, тәрбиеші бұл туралы әкімшілікке хабар беріп, оны жедел іздестіруді ұйымдастыруға тиісті.
7. Балаларды үйге жалғыз жіберуге, бөтен адамдармен, мас адамдар қолына беруге тыйым салынады.
8. Ата-анасымен алдын ала баланы жетуге сенім білдірген адамға сенімхат рәсімдеу оған ата анасы мен сенім білдірген адамның қолы қойылған болуы тиіс.
9. Балалармен сабақ өткізу кезінде қауыпсіздік техникасын сақтау, оларды қауыпсіздік еңбек әдістерін үйрету.
10. Сабақты сіреңке мен басқа да қауіпті материалдарды пайдаланбау.
11. Учаскелерде, топтарда, дәліздерде қауіпсіз жүріс тұрыс ережелері туралы балаларға ұдайы нұсқау беру.
12. Серуендеу кезінде балаларды топқа жалғыз жібермеу.
13. Үнемі балалармен бірге болу.

Шешім:

1. Балалардың қауіпсіздік ережелері қатаң сақталынсын.
2. Топтардағы санитарлық құжаттардың орындалуы қадағалансын.

Балабақша меңгерушісі:  Имаганбетова З.Б.

Хатшы:  Жамбанова Г.Е.



Қатысушылар: 24

Күн тәртібінде:

1. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы.
2. Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы
3. Тәулік бойындағы балалардың қимыл-қозғалысының ұйымдастырылуы

Тындалды:

Медбике Жубанғарина А.

Салауатты өмір салты мен тамақтану гигиенасының негізгі талаптары: азық-түліктердің құрамы; сапасы мен көлемі; тәртібі мен ұйымдастырылуы.

Балабақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен тамақ дайындау технологиясына аударылады. Тамақ әзірлеу ережелерін сақтап, ас мәзірін қадағалау жұмыстары медбикеге жүктеледі және ол балалардың дұрыс тамақтануын қадағалап отырады. Балабақшадағы балалардың тамақтану үдерісін қадағалау жұмыстарындағы медбикенің міндеттері: жеткізілген азық-түліктердің сапасын бақылау; сақтау мерзімінің талаптарын орындау; ас мәзірін құрамы, тағамдардың мөлшерін қадағалау; тағам дайындау технологиясы ережелерінің сақталуы; балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасын қадағалау болып табылады.

Балаларға екі апталық маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) ас мәзірі дайындалады. Ас әзірлейтін бөлімін, ас мәзірі және шығарылатын өнімнің түрлілік тізімін пайдалануға беру үшін, мемлекеттік органмен келіскен санитарлық эпидемиологиялық мақұлдауынан өтіледі.

Күнделікті тамақтану тәртібінің тізіміне енетін өнімдер: ет, сүт, сары және өсімдік майы, бидай наны, қант және көкөністер. Балық, жұмыртқа, ірімшік, ет. Түскі астың құрамы: салат, бірінші, екінші тағамдары (негізінен ет, балық еті қосылған ыстық тағамдар) және үшіншіге (жеміс қайнатпасы, кисель, шай). Көкөністердің (қияр, қызанақ, орамжапырақ, сәбіз, қызылша,) қайнатылған, шикі түрлерінен жеңіл салаттар дайындау. Бесін астың мәзіріне сусындар кіреді (сүт, сүт қышқылы өнімдері, кисель, шырын) майсыз тоқаштар мен кондитерлік өнімдер.

Шаруашылық меңгерушісі Алаева М:

Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақиғаларына балалардың назарын аударыңыз; сөндірілмеген темекі калдыктары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шептерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың онай ережелерін балалардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруымыз керек, өрт

қауіпсіздігі шараларынын орындалуы жайлы айтып өтті. Жаңа жыл мерекесі кезінде балабақшада жанатын материалдар әкелуге болмайды және өрт қауіпсіздігін қатаң сақталу керек. Тез тұтанатын материалдар, шамдар әкеліп қолдануға болмайды.

Шокпарова Ж:

Қимылды ойындарды серуен кезінде таза ауада өткізген анағұрлым тиімді. Өрбір баланың тәрбиеші ұйымдастырған қимылды ойынға күні бойы қатысқаны жақсы. Ойын бүкіл топ болып та, шағын топтармен де өткізіледі. Ойындарды серуеннің әр кезінде өткізуге болады. Егер бүкіл топ қатысса, онда балалар серуен жасап келгеннен кейін біраз уақыт өткен соң немесе оның басында ұйымдастыру тиімді. Балалардың шағын тобымен және жеке-дара өткізілетін ойындарды тәрбиеші бүкіл серуен бойына жүргізеді.

Балалар күнделікті серуен кезінде өз беттерімен жасайтын қимылдарында спорттық жаттығулардан алған шеберлік пен дағдыларын бірте-бірте кең қолдана бастайды. Велосипедпен жүрген кезде балалар ойын үстінде өздігінен көшеде жүру ережелерін сақтап үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өз беттерімен жасайтын әрекеттері бір-бірінен ерекшеленбеуі керек. Олардың барлығына да әр түрлі дене шынықтыру жаттығулары мен ойындарының бәрі пайдалы.

1. Өрт қауіпсіздігі қатаң сақталсын.

2. Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттері түрлендіріп өткізілсін.

Балабақша меңгерушісі м.а.:

Хатшы



Куркембаева Г.Б.

Жабанова Г.Е